



# Занғар жазушының еңбегі ұлықталды

**Қазақ әдебиетінің  
классигі Мұхтар  
Әуезовтің туғанына  
125 жыл толуына орай  
«Әуезовтің рухани  
әлемі» тақырыбында  
ғылыми – тәжірибелік  
конференция етті.**

Шараның ашылу салтанатында қалалық білім белгімінің басшысы Есламбек ЖЕҢІСҰЛЫ сез алып, біртуар бабамыздың шығармашылығын, еңбек жолын нақшаттауға арналған конференцияның маңыздылығына тоқталды.

Занғар жазушының әлемдік

өркениет пен адамзат ақыл – ойы тарихындағы орыны мен рөлін айқындау, қазақ әдебиетінің даму үрдістерінің тарихын және бүгінін саралау, қаламгер мұрасындағы жалпы адамзаттық құндылықтарға неғізделген озық идеяларын нақшаттау мақсатындағы шара қаламгердің атындағы Мұхтар Әуезов атындағы №5 мектепте етті. Конференцияның пленарлық отырысында: «Мұхтар Әуезов прозасындағы заман сипаты», «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша Әуезовтің педагогикалық көзқарастарының өзектілігі», «Біз таныған Әуезов әлемі», «Мұхтар Әуезов – тағылымы мол тарихи

тұлға» тақырыбында баяндамалар тындалып, «Мұхтар Әуезов – кино элемінде» қойылымы көрсетіліп, «Мұхтардың өзі де үлгі, өмірі де» аталған қаламгер атындағы мұражайдың ашылу салтанаты етті. Ал, Секциялық жұмыс барысында коучинг, шеберлік сағаттары, концерттік бағдарламалар үйімдестірылды.

Дарынды қаламгер, қоғам қайраткері, филологияғының докторы, профессор, Қазақ КСР ГАның академигі, Қазақ КСР – нің еңбек сінірген ғылым қайраткері, артynша өшпес мұра қалдырған Мұхтар Омарханұлының есімі мәңгі үрпақ жадында сақталады.